

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №92 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы

22 қыркүйек 2021 жыл
Кеңес мүшелер саны:11
Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстыру.
2. 2021-2022 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекіту.

Барысы:

Тыңдалды: Махметова Н.У., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: 2007 жылдың 27.07. ҚР «Білім туралы» заңының 44-бабының 9-тармағына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27.07. Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы №355 бұйрығына сәйкес әзірленген ақпаратпен таныстырып шықты.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс ұйымдастыру тәртібі бойынша кеңес отырыстары тоқсанына бір рет өткізілетіндігі туралы мәлімделді.

Екінші сұрақ бойынша 2021-2022 оқу жылына ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Мухамматдинов Полат Багдалиевич сайланды.

Үшінші сұрақ бойынша барлық мүшелер Қамқоршылық кеңес құзыретіне жаатын қызметтерімен танысып, өкілеттіктің атқарылуына ықпал ететіні туралы айтылды.

Төртінші сұрақ бойынша мектептің Қамқоршылық кеңес жоспарының жобасы ұсынылды. Отырысқа қатысушылар жоспарға өз ұсыныстарын жасап, бекітуге ұсынды.

Кеңес мүшелеріне мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат ұсынылды. Мектептің әлеуметтік педагогы Сактаганова Н.Б. келесі мәліметтерді берді:

Мектеп оқушыларының саны: 1283
Мектепте мүмкіндігі шектеулі -5 оқушы оқиды
Жетім – 2 оқушы
Көпбалалы отбасынан – 361 оқушы
Аз қамтылған отбасынан – 41 оқушы
Толық емес отбасынан – 99 оқушы

Садықов Тлеген Садықұлы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мен мектеп ұжымына алдағы уақытта үлкен міндеттер тұрғанын айтып, сәттілік тіледі.

Тыңдалды: Мухамматдинов П.Б.- кеңес төрағасы: Бүгінгі талқыланған сұрақтар бойынша қабылданған шешімдерді қабылдануын кеңес мүшелерінің дауысқа салуын сұраймын.

1. Қамқоршылық кеңесі бойынша нормативтік құжаттарды назарға алу.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Мухамматдинов П.Б. сайлансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің 11 мүшеден тұратын құрамы бекітілсін.
4. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің атқаратын қызметтері бекітілсін.
5. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

Шешім қабылданды:

«қолдау»- 9 дауыс, «қарсы»- 0 дауыс, «қалыс қалды» -0 дауыс

Кеңес төрағасы:

Кеңес мүшелері:

Мухамматдинов Полат Багдалиевич
Садықов Тілеген Садықұлы
Нурмагамбетов Анет Аманжолович
Нурбай Рабиға
Айрапетян Виктория Вячеславовна
Бекмагамбетова Айгул Абрахмановна
Абдрасулиева Каракөз Айдашқызы
Тажигалиева Гулзира Куанышқызы
Ержанов Асқат Асқарович
Салтанат Есенгелдіқызы
Галиев Каирлы Саркенович